

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қызметке алғаш рет түскен адамдары мен қызметкерлерін кәсіби даярлау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 16 мамырдағы N 847

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадрларын іріктеу, зерделеу және даярлау жөніндегі жұмысты жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі істер органдарының қатардағы, кіші және орта басшы құрамын кәсіби даярлаудың қазіргі бар мектебін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің училищесі етіп құру, оған ішкі істер органдарының жеке құрамын, қатардағы, кіші және орта басшы құрамын қайта даярлау мен біліктілігін көтерудің алғашқы даярлығының міндеттерін жүктеу туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1644 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы" Ереженің 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ішкі істер органдарына қатардағы, кіші және орта басшы құрам қызметіне алғаш рет түскен адамдар кадрға есепке алынғанға дейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің училищелерінде алғашқы даярлықтан өтуі тиіс.

Аталған училищелерде алғашқы даярлықтар өтудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайды.

3. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері:

облыстық және қалалық ішкі істер басқармаларымен бірлесіп, училищелердің оқу базасын нығайту, оқу процесін ұйымдастыру үшін қажетті материалдық-техникалық құралдармен жабдықтауға шаралар қолдансын;

жыл сайын жергілікті бюджетте ішкі істер органдарына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұсталатын лауазымдар бойынша жұмысқа жіберу бойынша шығыстар көздесін;

облыс аумағында орналасқан училищенің штаттық санын ұстауға қаражат бөлуді, сондай-ақ училищелердің жұмыс істеуіне байланысты өзге де шығыстарды қамтамасыз етсін.

4. Құпия.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК